

ГАР, ГАТР, ГАТР қос сарысуға қою. Қорытынды интерпритациялау

Электронды материалды құрастырушы:

Жүністаева Ж.К.

ГАР

1:10 1:20 1:40 1:80 1:160 1:320 К



Вирустық материалды өсіру:

0,5 мл барлық пробиркаға 1% тауық эритроцитын қосу. Бөлме температурасында қалдырамыз 30 минутқа.

30 минуттан кейін:

Контрольды пробиркада «түйме» тәрізді тұнба болады.

Алғашқы 4 пробиркада «қолшатыр» тәрізді тұнба түзіледі. Бұл зерттелетін материалда вирус бар екендігін көрсетеді және оның титрі 1:80.

ГАР (гемагглютинациялық реакция)

Реакция науқастың материалын зерттеуде вирусты индикациялау үшін қолданылады.

№	Орындалу реті
1.	Эритроциттердің агглютинациялануына негізделген, яғни вирустардың бар болуындағы олардың эритроциттермен адсорбциялануы.
2.	ГАР арнайы пласмассты планшетті лункаларда жасайды.
3.	1:10-нан 1:320-ға дейінгі 6 лункада вирусты материалды өсіруге дайындайды. 7 лунка контрольді эритроциттер болады. Барлық лункаларға 1%-дық тауық эритроциттерінің 0,5 мл-ін қосамыз. Планшетті бөлме температурасында 30 минутқа қояды.
4.	Нәтижесі 30 минуттан кейін оқылады. Контрольді лункаларда эритроциттердің «түйме» тәрізді тұнбалары көрінеді. Егер нәтиже оң болса, онда лунканың түбінде «қолшатыр» тәрізді тұнба түзіледі.
5.	Алынған нәтижені түсіндіріңіз

БАРЛЫҒЫ:

Антиденені анықтауға арналған ГАТР



Науқас қан сарысуы:

арудың түріне сәйкес келетін вирус
диагностикумының 0,25мл-ден + 1% тауық
эритроцитінің 0,5мл-ден қосу.

45 минутқа бөлме температурасында
қалдыру.

45 минуттан кейін:

Бастапқы 3 лункада «түйме» тәрізді тұнба, қалғандарында «қолшатыр» тәрізді тұнба түзіледі.

Қорытынды: науқас қан сарысуында антидене бар, ол 1:40 титр.

Реакция жұп қан сарысуына жасалады, яғни антиденелердің титрі аурудың бастапқы күндері мен 12-20 күндері 4 есе өссе, онда реакция оң болады.



Антиденені анықтауға арналған ГАТР

№	Орындау реті
1	Бұл реакция науқастың қан сарысуындағы антиденелерді анықтау үшін қолданады.
2	<p>Науқастың қан сарысуын 1:10 – нан 1:320 –ға дейінгі планшеттегі лункаға өсіреді. Барлық лункаларға ауруға сәйкес вирусты диагностикумнан 0,25мл қосады. Одан кейін 1%-дық тауық эритроциттерінің 0,5мл қосады.</p> <p>Реакцияларда келесі контрольдер болады:</p> <ol style="list-style-type: none">1. КС – сарысу+эритроциттер.2. КВ – вирус+эритроциттер.3. КЭ – физиологиялық ерітінді+эритроциттер. <p>45 минут бөлме температурасында тұрғаннан кейін, реакцияның нәтижесін оқиды.</p>
3	Егер нәтиже оң болса, тәжірибелік лункаларда титрге сәйкес «түйме» тәрізді тұнба түзіледі.
4	Контрольді вируста – «қолшатыр» тәрізді тұнба, контрольді эритроциттерде - «түйме» тәрізді тұнба, контрольді сарысуда – «түйме» тәрізді тұнба түзіледі.
5	<p>Реакция жұп қан сарысуына жасалады, яғни антиденелердің титрі аурудың бастапқы күндері мен 12-20 күндері.</p> <p>Алынған нәтижені түсіндіріңіз.</p>
	Барлығы:

Тұмау вирусының түрін анықтауға арналған

ГАТР



Вирусты материал:

вирусқа қарсы типтік сарысудың 0,25мл-ден және 1%-дық тауық эритроциттерінің 0,5мл-ден қосу.

Тұмау вирусының түрін анықтауға арналған

ГАТР

№	Орындалу реті
1	Реакция вирустың түрін анықтау үшін қолданады.
2	Пластмасты планшетті 5 лункаға 0,25мл вирусы бар материал салады, кейін тұмауға қарсы типті сарысудан 0,25мл – ден қосады. А0; А1; А2; В; С. Одан соң 1%-дық тауық эритроциттерінің 0,5мл қосады. Планшетті бөлме температурасында 1сағатқа қалдырады.
3	1 сағаттан кейін реакцияның нәтижесін оқиды.
4	Тұмау вирусы «түйме» тәрізді тұнбаға түскен түрге жатады.
5	Алынған нәтижені түсіндіріңіз.
	Барлығы: